

Мәслихаттың 2015 жылғы 31 шілдедегі № 420 "Қостанай облысының елді мекендері аумағында жануарларды асырау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 41 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 6553 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2024 жылғы 9 тамыздағы № 156 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 09.08.2024 № 156 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін).

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 420 "Қостанай облысының елді мекендері аумағында жануарларды асырау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5870 тіркелген, 2015 жылғы 22 қыркүйекте "Қостанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-2-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

Д. Космухамбетова

С. Ещанов

"Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б. Қайыпбай

2016 жылғы 27 маусым

